

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

ЖОБА

**«ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҚОЛДАУ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТӘСІЛДЕР МЕН ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕЛЕР»**

атты

**БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Ақтау 2025 ж.

Бағдарлама авторы:

Аманқосова Аягөз Қошқарбайқызы – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті», Педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Бағдарлама:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің талаптарын ескере отырып әзірленген

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
2. ГЛОССАРИЙ
3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫБЫ
4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН
НӘТИЖЕЛЕРІ
5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ
6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
8. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ
9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ
10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

**«Инклюзивті білім беруді қолдау: инновациялық тәсілдер мен тиімді
тәжірибелер»
біліктілікті арттыру курсының оқу бағдарламасы**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бұл курс қатысушылар инклюзивті білім беру принциптері мен оның маңыздылығын терең түсінуге, әр балаға тең мүмкіндіктер жасаудың қажеттілігін ұғынуға, қолдануға арналған. Инклюзивті оқытудың тиімді әдістері мен құралдары таныстырылып, педагогтар мен мамандар оларды өз тәжірибелерінде қолдануға танысады. Курс аясында инклюзивті білім беру саласында мамандардың, педагогтардың және ұйымдардың арасында тұрақты тәжірибе алмасу платформасы қалыптасу қарастырылады. Сонымен қатар, курс инклюзивті білім беру арқылы ерекше қажеттіліктері бар балалардың оқу үлгерімі мен әлеуметтік бейімделу деңгейі жақсаруды қамтиды.

Инклюзивті білім беруді реттейтін НҚА талдауы. Инклюзивті білім берудің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясының 30-бабында бекітілген, онда әр азаматтың білім алуға құқығы және мемлекет тарапынан қолжетімді біліммен қамтамасыз ету міндеті көрсетілген. Қазақстанда инклюзивті білім беру «Білім туралы» ҚР Заңы (27.07.2007 ж., №319-III), сондай-ақ инклюзивті оқытуды ұйымдастыру тәртібі Оқу-ағарту министрінің 21.10.2020 ж. №428 бұйрығында айқындалған. ПМПК қызметін реттеу 27.07.2017 ж. №137 бұйрығымен белгіленеді. Ұлттық құқықтық база БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы (2006) және ЮНЕСКО-ның Саламанка декларациясы (1994) сияқты халықаралық құжаттардағы инклюзивті білім беру қағидаттарымен үйлеседі. Осы актілер кешені ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тең қатысуы мен қолжетімді білім алуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бағдарлама 80 академиялық сағат көлемінде жүзеге асыруға арналған.

ГЛОССАРИЙ

Инклюзивті білім беру	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру процесіне толыққанды қатысуын қамтамасыз ететін білім беру жүйесі.
Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ)	Физикалық, психологиялық, интеллектуалдық немесе әлеуметтік тұрғыда қолдау мен бейімдеуді қажет ететін балалардың қажеттіліктері.
Инклюзивті орта	Барлық балалардың, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың оқу, даму және әлеуметтену үшін қолайлы жағдайлар жасалған білім беру кеңістігі.

Психологиялық-педагогикалық қолдау	Оқушының жеке дамуы мен оқудағы жетістіктерін қамтамасыз ету үшін көрсетілетін психологиялық және педагогикалық көмек.
Индивидуалды оқу жоспары (ИОЖ)	Әрбір оқушының қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген жеке білім беру жоспары.
Инклюзивті білім беру саясаты	Білім беруде теңдік пен әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған заңдар, ережелер және қағидаттар жиынтығы.
Бейімдеу	Білім беру мазмұны мен оқу құралдарын оқушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес өзгерту немесе жеңілдету.
Қоғамдық инклюзия	Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың қоғам өміріне толыққанды қатысуын қамтамасыз ететін жағдайлар мен іс-шаралар жүйесі.

2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

«Инклюзивті білім беруді қолдау: инновациялық тәсілдер мен тиімді тәжірибелер» бағдарламасы жалпы білім беру педагогтері, педагог-психологтар, арнайы педагогика саласындағы мамандардың пәндік, әдістемелік және тәжірибелік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

Компоненттер, бағдарлама модульдері	Бағдарлама модульдерінің компоненттерін, тақырыптарын сипаттау
Модуль 1. Ерекшелік және инклюзивті білім берумен танысу	1. "Инклюзивті мектеп" дегеніміз не, Мектеп әр түрлі оқушыларға қаншалықты инклюзивті бола алады.... 2. Ынтымақтастық-инклюзивті мектептің негізгі қағидасы
Модуль 2. Инклюзивті білім берудің құндылықтары мен принциптері	☐ 1. Инклюзивті білім берудің құндылықтары ☐ 2. Инклюзивті білім беру кеңістігін құру принциптері
Модуль 3. Қарым-қатынас қателіктерін қалай болдырмауға болады	☐ 1. Қарым - қатынастағы стереотиптер мен кедергілер ☐ 2. Педагогикалық практиканың типтік қателіктері
Модуль 4. Инклюзивті білім беру жағдайында психофизикалық даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс жасауда мұғалімдердің кәсіби дайындығы	☐ 1: Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтің жұмысқа кәсіби дайындығының мазмұны 2: Мұғалімнің балалармен жұмыс істеуге кәсіби дайындығының құрылымдық компоненттері психофизикалық даму ерекшеліктері

	☐ 3: Инклюзивті білім беру жағдайында "ерекше" баланы сүйемелдеуді ұйымдастыру және мазмұны
Модуль 5. Ерекше балаларға сабақ барысында өткізілетін технологиялар	☐ 1: Сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар ☐ 2: Сабақ барысында қолданатын жаттығуларының мысалдары
Қорытынды және жеке жоспарларды әзірлеу	☐ 1: Ерекше балалармен жұмыс жасауға арналған жеке бағдарламаларды әзірлеу ☐ 2: Тәжірибе алмасу және талқылау

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарлама мақсаты:

1. Инклюзивті білім беруде педагогтардың және ата-аналардың рөліне тоқталып, олардың жұмысын жеңілдету үшін қажетті құралдар мен ресурстар ұсыну.

2. Инклюзивті ортада білім беру сапасын арттыру үшін қолданылатын заманауи технологиялар мен әдіс-тәсілдерді анықтау және оларды қолдану мүмкіндіктерін қарастыру.

3. Педагогтердің инклюзивті білім беру бойынша ақпараттарын арттыру.

Бағдарлама міндеттері:

- 1. Инклюзивті білім беруге бағытталған заманауи технологиялар мен әдістерді анықтау.
- 2. Мұғалімдер мен тәрбиешілердің педагогикалық шеберлігін арттыру әдістерін қарастыру.
- 3. Білім беру процесіне қатысушылардың инклюзивті ортаға оң көзқарасын қалыптастыру.
- 4. Инклюзивті білім беруді дамытуға арналған ресурстарды тиімді басқару стратегияларын құрастыру.

Күтілетін нәтижелер:

Курстарды аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

1. Педагогтер өздерінің инклюзивті білім беру саласындағы жетістіктерін бағалауға және жетілдіруге үйренеді;
2. Оқу процесіне жаңа әдістер енгізуге деген ынтасы күшейеді;
3. Психологтар, логопедтер және басқа мамандармен бірлескен жұмысты тиімді ұйымдастырады;
4. Педагогтер инклюзивті білім беру бойынша әріптестерімен тәжірибе алмасып, ортақ жобаларға қатысады.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Бағдарлама құрылымдық жағынан үйлесімді, өйткені оның негізгі компоненттері арасындағы тығыз байланысты айқындайды: күтілетін нәтижелер мақсаттармен, міндеттермен, мазмұнмен, оқыту және бағалау үдерістерімен байланысты.

БАҒДАРЛАМА ЖОСПАРЫ (80 сағат)

№	Сабақтың тақырыбы	Күндізгі/қашықтан оқыту					Барлығы
		Семинар	Практикалық сабақ	Вебинар	Қорытынды қорғау	Тестілеу	
Модуль 1. Ерекшелік және инклюзивті білім берумен танысу (4 сағат)							
1.1.	"Инклюзивті мектеп" дегеніміз не, мектеп әр түрлі оқушыларға қаншалықты инклюзивті бола алады....	2					
1.2.	Ынтымақтастық-инклюзивті мектептің негізгі қағидасы	2					
Модуль 2. Инклюзивті білім берудің құндылықтары мен принциптері (14 сағат)							
2.1.	Инклюзивті білім берудің құндылықтары	2	4				
2.2.	Инклюзивті білім беру кеңістігін құру принциптері	2	6				
Модуль 3. Қарым-қатынас қателіктерін қалай болдырмауға болады (14 сағат)							
3.1.	Қарым - қатынастағы стереотиптер мен кедергілер	2	6				
3.2.	Педагогикалық практиканың типтік қателіктері	2	4				

Модуль 4. Инклюзивті білім беру жағдайында психофизикалық даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс жасауда мұғалімдердің кәсіби дайындығы (14 сағат)							
4.1.	Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтің жұмысқа кәсіби дайындығының мазмұны	2	4				
4.2.	Мұғалімнің балалармен жұмыс істеуге кәсіби дайындығының құрылымдық компоненттері психофизикалық даму ерекшеліктері	2	2				
4.3.	Инклюзивті білім беру жағдайында "ерекше" баланы сүйемелдеуді ұйымдастыру және мазмұны	2	2				
Модуль 5. Ерекше балаларға сабақ барысында өткізілетін технологиялар (16 сағат)							
5.1.	Сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар	2	6				
5.2.	Сабақ барысында қолданатын жаттығуларының мысалдары	2	6				
Модуль 6. Қорытынды және жеке жоспарларды әзірлеу (18 сағат)							
6.1.	Ерекше балалармен жұмыс жасауға арналған жеке бағдарламаларды әзірлеу	2	6				
6.2.	Тәжірибе алмасу және талқылау		4			6	
	БАРЛЫҒЫ	24	50		0	6	80

Модуль 1. Ерекшелік және инклюзивті білім берумен танысу

Бұл модуль инклюзивті білім беру түсінігі және оның түрлері туралы ақпарат береді. Ерекше балалардың шығу себебі, түрлерімен танысады.

Модуль 2. Инклюзивті білім берудің құндылықтары мен принциптері
Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері мен құндылықтары, жалпы орта

мектептерде мүмкіндігі шектеулі, ерекше білімді қажет ететін балаларды дені сау балалармен бірге оқыту.

Модуль 3. Қарым-қатынас қателіктерін қалай болдырмауға болады

Ерекше балалармен, ата-аналармен, педагогтермен, арнайы мамандармен қарым-қатынас кезінде туындайтын қателіктер.

Модуль 4. Инклюзивті білім беру жағдайында психофизикалық даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс жасауда мұғалімдердің кәсіби дайындығы

Педагогикалық дайындық педагогикалық дағдыларды, шыдамдылық пен сабырлылықты қамтамасыз ететін эмоционалды тұрақтылықты, өз қызметін талдауды, жұмыс нәтижелерін болжауды қамтиды.

Модуль 5. Ерекше балаларға сабақ барысында өткізілетін технологиялар

Ерекше балаларды адамдармен таныстыруға және оларға қатысты түсінбеушілік пен алалаушылықты жеңуге көмектесуге арналған.

Модуль 6. Қорытынды және жеке жоспарларды әзірлеу

Курс соңында педагогтер өз эмоционалды күйін қолдауға арналған жеке бағдарламалар әзірлеп, тәжірибе алмасу және талқылау жүргізеді.

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Біліктілікті арттыру курстары күндізгі оқу нысанында 80 сағатты құрайтын, бағдарламаның теориялық бөлімін өз бетінше меңгеруді және практикалық жұмысты қамтитын оқыту түрінде ұйымдастырылады.

Оқытудың негізгі әдістері мен жұмыс түрлері: интерактивті лекция, зерттеушілік әңгіме, сыни ойлауды дамыту технологиясы, зертханалық тәжірибелер, ауызша сұрау, конспектілеу. Тыңдаушы аудиторияның жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу барысында логикалық қорытынды жасауға, мазмұнын өз тәжірибесіне бейімдеуге және алған дағдыларын аудиториялық практикалық сабақтарда және сабақтан тыс өзіндік жұмыстарда сынауға мүмкіндік беріледі.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

№	Модуль тақырыбы	Сағат	Дәріс түрі	Оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі

1	Ерекшелік және инклюзивті білім берумен танысу	4	Дәріс	Презентация
2	Инклюзивті білім берудің құндылықтары мен принциптері	14	Баяндама, реферат презентация, эссе, сауалнама	Презентация, оқу әдістемелік құрал
3	Қарым-қатынас қателіктерін қалай болдырмауға болады	14	Баяндама, реферат презентация, эссе, сауалнама	Презентация
4	Инклюзивті білім беру жағдайында психофизикалық даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс жасауда мұғалімдердің кәсіби дайындығы	14	Баяндама, реферат презентация, эссе, сауалнама	Презентация
5	Ерекше балаларға сабақ барысында өткізілетін технологиялар	16	Проблемалық сабақ әңгімелесу	Презентация
6	Қорытынды және жеке жоспарларды әзірлеу	18	Дәріс, практикалық сабақ	Презентация

8. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау - сабақ барысында формативті бағалау, курсты аяқтағаннан кейін оның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері бойынша коллоквиум түрінде жүзеге асырылады.

Біліктілігін арттырудың бұл бағдарламасы негізгі білім беру мақсатын көздейді, сондықтан оқу нәтижелерін бақылау сабақ барысында зерттеушілік әңгіме түрінде жүзеге асырылады.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық формада және жеке сұраныстар бойынша кеңес беріледі.

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Курстан кейінгі қолдау конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге және т.б. қатысу үшін ғылыми мақала дайындауға бағыт беру.

Тыңдаушылар таңдаған бағдарламаға сәйкес келетін тиісті әдістемелік, нормативтік және техникалық материалдар мен әдебиеттерді ала алады.

10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Оспанбаева М.П. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы. 2023. – 232 б.
2. Педагогика инклюзивного образования. Учебник. / под ред. д-ра пед. наук О.В.Сальдаева Инфра-М, 2023.-439 с.
3. Педагогика инклюзивного образования. Учебник. Под ред. Н.М.Назаровой. Москва. ИНФРА-М. 2024.
4. Михальчи, Е.В. Инклюзивное образование [Текст]: учебник и практикум / Е.В. Михальчи.- Москва: Юрайт, 2024.- 172 с
5. Стребелева, Е.А. Психолого-педагогическая поддержка семьи ребенка с ограниченными возможностями здоровья. [Текст]: учебник / Е.А. Стребелева, Г.А. Мишина.- Москва: ИНФРА-М, 2024.- 178с.
6. Байменова Б.С. Развитие инклюзивного образования в Казахстане и за рубежом. Учебное пособие. .-Алматы ЭСПИ, 2024
7. Гайченко, С.В. Игровые коммуникативные технологии в условиях инклюзивного образования. [Текст]: учебное пособие / С.В. Гайченко.- Москва.: Инфра-М., 2024.- 83с.
8. Козырева, О.А. Ассистивные технологии в инклюзивном образовании [Текст]: учебное пособие / О.А. Козырева.- 2-е изд.- Москва: Юрайт, 2023.- 118 с.
9. Оспанова, Б.К., Султанова, Н.К. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс: білім беру кеңістігі, отбасы : оқу құралы. / Alikhan Bokeikhan University. - Семей: Zhardem, 2022. - 82-б <http://rmebrk.kz/book/1181636>
10. Уатаева, А.М. Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру : Оқу құралы. / Ө.А. Байқоныров атындағы Жезқазған университеті. - Жезқазған: "ЖезУ АҚ", 2020. - 96 б. <http://rmebrk.kz/book/1174312>
11. Айтбаева, А.Б. Білім берудегі жаңа технологиялар [Мәтін]: оқу құралы / А.Б. Айтбаева.- 2-ші бас.- Алматы.: Дарын, 2023.- 162 б.